HTTPS://DOI.ORG/10.63546/3005-2246.2026.15.3.039

ӘОЖ 341.43:341.24
ҒТАМР 10.87.51

МОМЫШЕВА Фархия Саутбековна
Заң ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университетінің
Құқық жоғарғы мектебінің қауымдастырылған профессоры

АБДАКИМОВА Дана Абдижаппаровна*
Заң ғылымдарының кандидаты
Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің
«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық ақпарат институты», Ғалым хатшы

МУСИН Қанат Қалқаманұлы
Заң ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі академиясының профессоры

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БОСҚЫНДАРДЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАУЫ: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасындағы баспана іздеушілерді қорғау жүйесін талдауға және ұлттық заңнаманы жетілдіру бағыттарын анықтауға арналған. Зерттеудің мақсаты сақталып отырған көші-қон қысымы жағдайында мемлекеттің халықаралық-құқықтық міндеттемелерін ұлт-тық құқық қолдану тәжірибесімен салыстыра отырып талдау. Зерттеудің әдіснамалық негізін ха-лықаралық шарттарды, ұлттық заңнаманы және пана беру тетіктерін зерделеу кезінде қолданылған салыстырмалы-құқықтық, ретроспективті және формальды-заңдық әдістер құрады. Қорытындылар нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық ұсынымдарды және сот тәжірибесін, оның ішінде Мовлаев ісін талдау негізінде жасалды.

Зерттеу Қазақстан заңнамасында субсидиарлық және комплементарлық қорғау институттарының жоқтығын көрсетті, бұл босқын мәртебесінің критерийлеріне сәйкес келмейтін тұлғаларға халықа-ралық қорғауды қамтамасыз ету мүмкіндіктерін шектейді. Пана іздеушілер шын мәнінде уақытша тұратын шетелдіктер ретінде қарастырылатыны анықталды, бұл олардың әлеуметтік және экономи-калық құқықтарға қол жетімділігін шектейді. Сот тәжірибесін талдау босқын мәртебесін беру туралы істерді қарау кезінде формальды көзқарастың басым екенін және адам құқықтарының бұзылуы, қа-рулы қақтығыстар мен өзге де гуманитарлық қауіптердің жеткілікті дәрежеде ескерілмейтінін көр-сетті. Заңнаманы жетілдіру бойынша шаралар ұсынылады, соның ішінде non-refoulement қағидатын бекіту және гуманитарлық қорғаудың қосымша нысандарын енгізу.

Түйін сөздер: босқын мәртебесі, баспана, халықаралық қорғау, субсидиарлық қорғау, non-refoulement қағидаты, адам құқықтары, көші-қон саясаты, сот тәжірибесі, заңнаманы үйлестіру.

* *Автормен хат-хабар алмасу: e-mail: abdakimova_dana@mail.ru*

МОМЫШЕВА Фархия Саутбековна
Ассоциированный профессор Высшей школы права университета «Туран», кандидат юридических наук

АБДАКИМОВА Дана Абдижаппаровна
Кандидат юридических наук, «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан, Ученый секретарь

МУСИН Канат Калкаманович
Профессор Академии правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан, кандидат юридических наук

РЕАЛИЗАЦИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СФЕРЕ ЗАЩИТЫ БЕЖЕНЦЕВ: АНАЛИЗ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ

Аннотация. В статье анализируется система защиты лиц, ищущих убежище в Республике Казах-стан, предлагаются направления улучшения национального законодательства в этой сфере. Целью исследования является сопоставление международно-правовых обязательств государства с национальной правоприменительной практикой в существующих реалиях миграционного давления. Методологическую базу составили сравнительно-правовой, ретроспективный и формально-юридический методы. Указанные методы применялись при изучении международных договоров, национального законодательства и механизмов предоставления убежища. Выводы основаны на анализе нормативных актов, международных рекомендаций и судебной практики, включая дело Мовлаева.

Исследование показало отсутствие в казахстанском законодательстве институтов субсидиарной и комплементарной защиты. Данное обстоятельство ограничивает возможности предоставления международной защиты лицам, не подпадающим под критерии статуса беженца. Установлено, что претенденты на указанный статус по факту рассматриваются как временно пребывающие иностранцы, что, несомненно, отражается на доступе к социальным и экономическим правам. Анализ судебной практики позволил предположить, что при толковании критериев предоставления статуса беженца преобладает формальный, поверхностный подход. Недостаточно учитываются современ-ные риски нарушения прав человека, вооруженных конфликтов и иных гуманитарных угроз. Рекомендованы определенные меры по совершенствованию законодательства, включая закрепление принципа non-refoulement и введение дополнительных форм гуманитарной защиты.

Ключевые слова: статус беженца, убежище, международная защита, субсидиарная защита, принцип non-refoulement, права человека, миграционная политика, судебная практика, гармониза-ция законодательства.

MOMYSHEVA Farkhiya Sautbekovna
Associate Professor at the Higher School of Law,
Turan University, candidate of Legal Sciences

ABDAKIMOVA Dana Abdizhapparovna
Candidate of Legal Sciences,
«Institute of Legislation and Legal Information
of the Republic of Kazakhstan»
Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan
Scientific Secretary

MUSSIN Kanat Kalkamanowich
Professor at the Academy of Justice at the Supreme Judicial Council of
the Republic of Kazakhstan, candidate of Law

IMPLEMENTATION OF THE INTERNATIONAL OBLIGATIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE FIELD OF REFUGEE PROTECTION: ANALYSIS OF THEORY AND PRACTICE

Annotation. The article analyzes the asylum protection system in the Republic of Kazakhstan and identifies directions for improving national legislation. The study aims to assess the compliance of nation-al law and practice with Kazakhstan's international obligations amid ongoing migration challenges. The research is based on comparative legal, retrospective, and formal legal methods applied to international treaties, domestic legislation, asylum procedures, international recommendations, and case law, including the Movlaev case. The findings reveal significant gaps in Kazakhstan's asylum framework. In particular, na-tional legislation lacks subsidiary and complementary protection mechanisms, limiting access to interna-tional protection for individuals who do not meet the strict criteria for refugee status. Asylum seekers are generally treated as temporary foreigners, which restricts their access to social and economic rights. The analysis of judicial practice demonstrates a predominantly formal interpretation of refugee status criteria and insufficient consideration of current risks, such as human rights violations, armed conflicts, and other humanitarian threats.

The study concludes that Kazakhstan's asylum system requires further development to ensure broader and more effective protection. Key recommendations include incorporating the principle of non-refoule-ment into national legislation, introducing additional forms of humanitarian protection, and strengthening the assessment of protection needs in line with international standards.

Key words: refugee status, asylum, international protection, subsidiary protection, non-refoulement principle, human rights, migration policy, judicial practice, harmonization of legislation.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенциясын және оған 1967 жылғы Хатта-маны 1999 жылы ратификациялау арқылы адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарын ұлттық құқықтық жүйеге енгізді[1]. Алайда, осы саладағы құқық қолдану тәжірибесінің қазіргі жай-күйі жүйелі құқықтық қайшылықтарды анықтайды. 2025 жылғы маусымдағы жағдай бойынша, БҰҰ Босқындар істері жөніндегі жоғарғы комиссары басқармасының (БҰҰ БЖКБ) деректері бойынша, елде барлығы 336 босқын және 237 баспана сұраушылар (негізінен Ауғанстан, Украина және Ресей Федерациясынан келгендер)[2] тіркелген. Аймақтағы тұрақты жоғары көші-қон қысымы жағдайында босқын мәртебесін алған адамдар саны-ның төмен болуы ұлттық заңнамадағы және құқық қолдану тәжірибесіндегі қатаң шектеулермен түсіндіріледі.

[1] *Қазақстан Республикасының Босқындар мәртебесі туралы конвенцияға және Босқындар мәртебесіне қатысты хаттамаға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 15 желтоқсандағы N 317-I Заңы. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000317 (жүгінген күні: 20.04.2026).*

[2] *UNHCR Орталық Азия website. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: https://www.unhcr.org/central-asia/kazakhstan (жүгінген күні: 20.04.2026).*

2009 жылы «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының бейінді Заңы қабылданғанына қарамастан, пана іздеген адамдарға іс жүзінде тек «уақытша тұрақтайтын шетелдіктер» мәртебесі беріледі. Мұндай құқықтық жағдай олардың тұруға ықтиярхат алуына, тұрақты тұруға рұқсатты (ТТР) рәсімдеуіне және кейіннен Қазақстан Республикасы-ның азаматтығына қабылдануына (натурализациялануына) кедергі келтіреді. Соның салдарынан бұл санаттағы адамдар негізгі әлеуметтік-экономикалық құқықтарын толық көлемде жүзеге асыра алмай, жылжымайтын мүлік сатып алу, ресми жұмысқа орналасу кезінде кемсітушілікке ұшырау және әлеуметтік игіліктерге қол жеткізудің шектелуі сияқты мәселелерге тап болады[3]. Бұл ереже тек 1951 жылғы Конвенцияда ғана емес (33-бап), сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті-де (ҚҚПХП), сондай-ақ Қазақстан қатысушы-сы болып табылатын БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы конвенциясында бекітілген шығарып жібермеудің (non-refoulement) императивтік қағидатына тікелей қайшы келеді. Осыған байланысты ҚР ұлттық заңнамасының оның халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сәйкестігін кешенді ғылыми-құқықтық талдау қажеттілігі туындайды.

Жоғары тәжірибелік маңыздылығына қарамастан, отандық заңнама саласындағы осы мәселенің доктриналық даму дәрежесінің көрсеткіші өте төмен күйде қалып отыр. Қолданыстағы дереккөздердің ауқымды негізінен БҰҰ БЖКБ және құқық қорғау үкіметтік емес ұйымдарының (ҮЕҰ) мониторингтік есептерімен ұсынылған. Ғылыми жарияланымдар, оның ішінде халықаралық дерекқорларда (Scopus, Web of Science) индекстелетін жарияланымдар іс жүзінде жоқ. Отандық заң ғылымында көші-қон саясатының және көші-қон заңнамасын жетілдіру-дің жекелеген аспектілері қазақстандық зерттеушілердің жұмыстарыда жария етілді. Атап айтқанда, Думан және Даурен Жампеисовтар халықтың көші-қоны саласындағы құқық шығармашылығы мен құқық қолданудың өзекті мәселелерін зерттеп, көші-қон саясатын жетілдіруге, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимылға және көші-қон үдері-стерін құқықтық реттеу тетіктерін дамытуға назар аударды [1, 141 б.]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының босқындарды қорғау саласындағы халықаралық міндеттемелерін іске асыру мәселелері аталған зерттеулерде тек қысқыша түрде ғана қарастырылады, бұл осы мәселелердің ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәрежеде дербес зерттелмегенін байқатады.

Бұл зерттеу алғаш рет пана институты саласындағы халықаралық жәнеұлттық заңнама призмасы арқылы ҚР-ның теориялық-құқықтық міндеттемелерін нақты сот кейстерімен кешенді салыстыру арқылы осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының босқындарды қорғау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау тетіктерін кешенді құқықтық талдау, ұлттық заңнаманың жүйелі олқылықтарды анықтау және оны жетілдіру жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу болып табылады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін өзара байланысты міндеттер кешені дәйекті түрде шешілді. 1951 жылғы Женева конвенциясын, 1967 жылғы Хаттаманы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні, сондай-ақ БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы және бала құқықтары туралы конвенциясын қоса алғанда, баспана институтының іргетасын құрайтын халықаралық нормативтік құқықтық актілер жүйесіне ретроспективтік және салыстырмалы-құқықтық талдау жүзеге асырылды. Осы халықаралық стандарттардың Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына енгізілу және үйлестірілу деңгейі, олардың мазмұндық әрі рәсімдік интеграция дәрежесі бағаланды, сондай-ақ «Босқындар туралы» заң мен өзге де заңнамалық актілер арасындағы ықтимал құқыққа қайшылықтар айқындалды. Баспана беру және экстрадициялау істеріне қатысты істер бойынша қазіргі отандық сот тәжірибесін сыни талдау зерттеуіндегі негізгі эмпирикалық қадам болды.

Сот тәжірибесін талдаудан басқа, біз көші-қон құқық саласындағы ғалымдар мен бейінді сарапшылардың ұстанымдарын зерттедік. Бұл Қазақстан заңдарындағы жасырын олқылықтар мен кедергілерді көруге көмектесті, соның негізінде нақты ұсыны-стар әзірленді.

---

3 Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 216-IV «Босқындар туралы» Заңы (2024 жылғы 28 мамырдағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен) – [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://prg.kz/document/?doc_id=30525705&pos=192;33 (қаралған күні: 20.04.2026).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңы (2025 жылғы 12 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен) – [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://prg.kz/document/?doc_id=1003764&pos=11;40 (қаралған күні: 18.04.2026).

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы (2025 жылғы 11 қазандағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен) – [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://prg.kz/document/?doc_id=31038298&pos=0;0&searchTex-t=%D0%B1%D0%B5%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D1%86%D1%8B&we=1&wp=0 (қаралған күні: 18.04.2026).

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізі жалпы ғылыми және мамандандырылған құқықтық әдістердің үйлесімі болып табылады, бұл қойылған мәселені объективті және терең талдауды қамтамасыз етті.

Жұмыстың негізгі элементі салыстырмалы-құқықтық әдіс болды, оның көмегімен негізгі халықаралық шарттардың ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен салыстырылды. Атап айтқанда, талдауға 1951 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар мәртебесі туралы конвенциясы, 1967 жылғы Хаттама, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (АСҚХП), Бала құқықтары туралы конвенция (БҚК) және Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатына-сқа немесе жазалауға қарсы конвенцияның кіруі. Нәтижесінде алынған халықаралық стандарттар Қазақстан заңнамасымен, соның ішінде «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, «ҚР азаматтығы туралы» Заңымен және «Көші-қон туралы» Заңымен және басқалармен егжей-тегжейлі салыстырылды.

Нормативтік құқықтық актілердің құрылымы мен ішкі мазмұнына жан-жақты талдау жүргізу үшін ресми-құқықтық әдіс пайдаланылды. Зерттеу шеңберіне «Босқындар туралы» мамандандырылған Заң, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрықтарымен қоса, ілеспе заңнамалық актілер, сондай-ақ тиісті мәртебе беру туралы бекітілген ережелер кірді. Осы әдістеме негізінде нақты құқықтық нормалар жүйелі түрде қарастырылды: мысалы, елге кіргеннен кейін баспана сұраушының жазбаша өтініш беруі үшін заңмен белгіленген бес күндік мерзім, көші-қон қызметі органдарында сұхбат жүргізудің ерекшеліктері және мәртебе туралы шешім қабылдау регламенті, ол бір жылға дейін созылуы мүмкін. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Конституциясының жекелеген ережелері (атап айтқанда, адам құқықтарына кепілдік беретін 12 және 14-баптар және заң алдындағы теңдік қағидаты) және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің экстрадиция мәселелерін регламенттейтін 590-бабы формальды-заңдық талдауға ұшырады[4].

Зерттеудің эмпирикалық негізін көші-қон ағындары және баспана беру туралы өтініштерді қарау нәтижелері туралы статистикалық деректер құрады. Сондай-ақ босқын мәртебесін беруге және баспана іздеушілердің құқықтарын қорғауға байланысты істер бойынша сот практикасына талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелерін қолданыстағы ғылыми және сараптамалық бағалармен салыстыру үшін доктриналық дереккөздерді, БҰҰ БЖКБ баяндамаларын, БҰҰ ұсынымдарын, үкіметтік емес ұйымдардың материалдарын және бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарын салыстырмалы талдау пайдаланылды. Мұндай тәсіл ұлттық практиканың босқындарды қорғаудың халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Деректер ресми құжаттарды (заңнама, құқықтық база), қоғамдық есептерді (БҰҰ БЖКБ, БҰҰ, үкіметтік емес ұйымдар) және БАҚ көздерін жүйелі талдау арқылы алын-ды. Халықаралық келісімдердің салысты-рмалы талдауы және БҰҰ БЖКБ мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гінің Көші-қон комитетінің материалдарына шолу жүргізілді. Статистикалық талдау үшін БҰҰ БЖКБ мен Көші-қон комитетінің үкімет-тік хабарламалары мен баспасөз хабарламалары пайдаланылды.

Талқылау

Қазақстан Республикасының Конституциясында және ұлттық құқықтық жүйеде халықаралық шарттарға басымдық беріледі: егер ратификацияланған халықаралық шартта заңда көзделген ережелерден өзгеше нормалар белгіленсе, халықаралық шарттың нормалары қолданылады. «Босқындар туралы» Заңның 3-бабында Қазақстан Республикасының босқындар туралы заңнама-сы Конституцияға, халықаралық шарттарға және өзге де халықаралық міндеттемелер-ге негізделетіні бекітілген. Конституцияның барлық адамдардың құқықтарының теңдігіне кепілдік беретін жекелеген ережелері босқындарды қорғауға ықпал етеді, алайда шетелдіктердің мәртебесі туралы тікелей нормалар немесе онда refoulement (шыға-рып жіберу) тыйым салынбайды (ерекшелік

- шетелдіктерге қатысы жоқ шет мемлекеттерге Қазақстан Республикасының азаматтарын беруге тыйым салу). Осылайша, 1951 жылғы Конвенция (және Хаттама) осы саладағы халықаралық құқықтың басымдық принципі арқасында Қазақстан Республика-

4 Қазақстан Республикасының Конституциясы (2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған) - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: https://continent-online.com/Document/?doc_id=32817648&doc_id2=35502996#pos=15;-87.19999694824219&pos2=15;-73.19999694824219 (жүгіну күні: 01.08.2026);

сының ішкі құқықтық жүйесіне тікелей әсер етеді. Оларға қосылғаннан кейін Қазақстан өз аумағындағы босқындарды «толық көлемде қорғауға» және халықаралық стандарттардың ұлттық заңдар мен тәжірибеде орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеме алды (1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 26-бабы (pacta sunt servanda))[5].

Қазақстан Республикасында босқындарды қорғау және баспана беру саласындағы қоғамдық қатынастар Конституциямен, «Босқындар туралы» Заңмен және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еркін жүріп-тұруына және тең құқықтарға кепілдік береді. Конституцияда баспана беру мәселесі тікелей реттелмегенімен, адам құқықтары мен бостандықтарының ең жоғары конституциялық құндылық ретінде танылуы босқындарды қорғаудың құқықтық негізін құрайды.

«Босқындар туралы» Заң босқын, баспана іздеуші және қауіпсіз үшінші ел сияқты негізгі ұғымдарды айқындайды (1-бап), қайшылықтар туындаған жағдайда 1951 жылғы Конвенция нормаларының басымдығын бекітеді (3-бап), сондай-ақ кемсітпеу, отбасылық тұтастық және босқын балалардың құқықтарын қорғау сияқты мемлекеттік саясат қағидаттарын белгілейді (4-бап). Органдардың құзыреттері регламенттелген: Үкімет саясаттың негізгі бағыттарын, мәртебені беру, ұзарту және тоқтату тәртібін айқындайды (5-бап); уәкілетті орган (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы Көші-қон комитеті) саясатты іске асырады және рәсім қағидаларын бекітеді (6-бап). Заңның 8-бабында өтініш берушілердің құқықтары мен міндеттері көрсетілген: аудармашы құқығы және рәсім туралы ақпарат, консулдықтар арқылы өтініш беру, бас тартуға шағымда-ну, шешімге дейін уақытша болу, тегін ме-дициналық қызмет көрсету және еңбек ету құқығы; ұқсас кепілдіктер танылған босқын-дар үшін де көрсетілген (9-бап). Сондай-ақ, заң босқын мәртебесі бар адамдарды заңды шешімсіз шығаруға және беруге тыйым са-лады (15, 18-баптар).

Қазақстанда шетелдіктер мен азамат-тығы жоқ адамдардың босқын мәртебесін алу туралы өтініштері жергілікті атқарушы органдарға не Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара қызметінің өткізу пункттерінде қабылданады. Процесс өтінішті тіркеуден (баспана іздеуші куәлігін беруден) тұрады, әдетте тіркелгеннен кейін үш ай ішінде, содан кейін бір жылға дейін қосым-ша тексеруден кейін шешім қабылданады. Егер шешім оң болса, өтініш берушіге бір жылға босқын куәлігі беріледі, ол ұзартылуы мүмкін. Егер шешім қабылданбаса, өтініш беруші шешімге алдымен жоғары деңгейде-гі уәкілетті органға, содан кейін сот арқылы Жоғарғы Сотқа дейін шағымдануға құқылы. Босқындардың құқықтық мәртебесі оларға ел ішінде жүріп-тұру, еркін еңбек (рұқсатсыз) және кәсіпкерлік, білім мен медицинаға жалпы негіздерде қол жеткізу құқығын, жол жүру құжатын алу құқығын кепілдендіреді. Осылайша, заңнама Қазақстанда босқындардың интеграциясы үшін қолайлы жағдайлар жасауды ұйғарады. Алайда, нақты тәжірибиеде қиындықтар байқалады: өтініштерді қарау мерзімінің ұзақтығы, рәсімдер туралы тиімді ақпараттың болмауы және кейбір органдардың баяулығы.

Қазақстан Республикасының заңнама-сын жетілдірудің басым бағыттарының бірі босқындардың, баспана сұрайтын адамдардың, уақытша қорғаудағы адамдардың және азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесі арасындағы нормативтік айырмашылық болуы керек. Мұндай саралау қолданыстағы құқықтық белгісіздікті жоюға және адамдардың әрбір санатына тиісті халықаралық қорғау стандарттарын қолдануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [2, 79 б.].

Қазақстан Республикасының заңнамасы босқын мәртебесін беру институтын және баспана іздеушінің құқықтық режимін көздейді, дегенмен онда уақытша пана немесе гуманитарлық (қосымша) қорғаудың дербес институты қарастырылмаған. 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияның өлшемдеріне жатпайтын, бірақ халықаралық қорғауды қажет ететін адамдарға гуманитарлық мәртебе беру тетігінің болмауы ғылыми әдебиетте ұлттық заңнамадағы олқылықтардың бірі ретінде қарастырылады. 2017 жылы қазақстандық ғалымдар А.Б. Омарова, Н. Апахаев және басқалары өз зерттеулерінде қазақстандық заңнама босқындарды қорғау және халықаралық стандарттарды имплементациялау тетіктерін жетілдіруді қажет ететінін атап өткен болатын [3, 973 б.]. М. Барлықбаева мен С.-Х. Пак 2024 жылы жари-

5 Қазақстан Республикасының 1969 жылғы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясына қосылуы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысы. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/B930004700 (жүгінген күні: 10.05.2026);

яланған зерттеуінде Қазақстан заңнамасында 1951 жылғы Конвенцияның босқын ұғымына сәйкес келмейтін, алайда халықаралық қорғауды қажет ететін адамдарға арналған қосымша (комплементарлық) қорғау институтының болмауына байланысты құқықтық олқылық бар деген қорытынды жасайды [4, 197 б.]. Халықаралық тәжірибеде босқын мәртебесімен қатар халықаралық қорғау-дың қосымша нысандары қолданылады. БҰҰ БЖКБ 1951 жылғы Босқындар мәртебесі ту-ралы конвенцияның өлшемдеріне жатпай-тын, бірақ халықаралық қорғауға мұқтаж адамдарды қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді белгілеу үшін temporary protection (уақытша қорғау), temporary protection or stay arrangements (қорғаудың немесе болудың уақытша тетіктері) және complementary protection (қосымша қорғау) санаттарын пайдаланады [5]. Еуропалық одақ құқығында осыған ұқсас функцияны subsidiary protection (субсидиарлық қорғау) институты орындайды [6].

1951 жылғы Босқындар мәртебесі ту-ралы конвенцияның 33-бабы босқындар құқығындағы негізгі қағидаттардың бірі болып табылатын кері қайтармау (non-refoulement) қағидатын бекітеді. Осы бап-тың 1-тармағына сәйкес, уағдаласушы мемлекеттер босқындарды олардың нәсіліне, дініне, азаматтығына, белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілігіне немесе саяси көзқарасына байланысты өмірі не бостандығы қауіп төнуі мүмкін мемлекетке қайтаруға немесе кері жіберуге жол бермейді. Конвенцияға қосыла отырып, Қазақстан Республикасы осы қағидатты сақтауға міндеттеме алды. Сонымен қатар, ұлттық заңнамада non-refoulement қағидаты дербес нормативтік бекітілмеген. Осыған байланысты баспа-на беру туралы өтініштерді қарау кезінде өтініш беруші шыққан еліне қайтып оралған жағдайда оның қудалауға ұшырау қаупін бағалау ерекше маңызға ие, өйткені мұндай қайтару оның құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соққан жағдайда баспана беруден бас тарту туралы шешім дауланuы мүмкін.

БҰҰ БЖКБ Қазақстан Республикасының заң шығарушы және атқарушы билік органдарына қайтармау (non-refoulement) қағидатын сақтауды қамтамасыз ететін нормативтік және институционалдық кепілдіктерді күшейтуді ұсынады. Бұл, ең алдымен, ұлттық заңнаманы жетілдіру және құқық қолдану практикасын дамыту арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар, баспана беру-ден бас тартуға байланысты дауларды қарау кезінде сот органдары адамның шыққан еліне оралған жағдайда қудалауға, азаптауға, қатыгездікке немесе адам құқықтарының өзге де елеулі бұзылуына ұшырау қаупін мұқият бағалауы қажет екендігі атап көрсетіледі[6]. Сот істерін талдау Қазақстанда гуманитарлық немесе қосымша қорғау тұрғысынан, әсіресе 1951 жылғы Конвенцияның критерийлеріне сәйкес келмейтін босқын-дар (әскери шақырудан жалтарушылар, соғыс құрбандары, саяси диссиденттер және т.б.) үшін заңнамалық алшақтық бар екенін анық көрсетеді. Қазақстанның сот тәжіри-бесі (Санджиев, Мовлаев, Емельянова және Донбасстан келген украиндар ісі) босқын мәртебесінің тар түсіндірілуін және халықаралық кепілдіктерді елемеушілікті көрсетеді [7]. Атап айтқанда: Қазақстанда субсидиарлық немесе гуманитарлық мәртебе қарастырылмаған, сондықтан соғыстан немесе басқа да негіздер бойынша қуғын-сүргіннен қашқан адамдар қорғаусыз қалады. Отан-дық заңнама Конвенцияның мәртебесін шектейді және қазіргі заманғы қақтығыстар-ды ескермейді.

Қазақстанда іс жүзінде қайта қайтармау (refoulement) қағидатының бұзылу жағдайлары өте сирек кездеседі. Сонымен қатар, Қазақстан жалпы алғанда халықаралық қорғау қажеттілігі бар мемлекеттерден келетін адамдардың көпшілігіне баспана бермейді: әдетте, барлық дерлік өтініштер, соның ішінде Ауғанстан, Украина және басқа бірқатар елдердің азаматтарынан келетін өтініштер, құзыретті органдардың пікірі бойынша, өтініш берушілерді босқын деп тануға негіз болмағандықтан қанағаттандырылмайды. Сондай-ақ, Қазақстанда босқын мәртебесіне ие тұлғаларды депортация-лау немесе оларды мәжбүрлеп шығарудың ресми түрде тіркелген тәжірибесі жоқ.

Жалпы алғанда, Қазақстан «қайтармау» қағидатын бұзбайды деп тұжырымдауға негіз бар: ішкі заңнамалық базада толық ресмилендірілмегеніне қарамастан, мемлекет халықаралық бақылау құрылымдарының жиі шағымдарына ұшырап отырған жоқ. Дегенмен, баспана беру туралы шешімдерге қатысты апелляциялық тетіктердің тиімділігі шектеулі болып қала береді, бұл сәтті апел-

6 *Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ Жоғарғы комиссары (БҰҰ БЖКБ), Қазақстанға арналған әмбебап мерзімдік шолу – 34сессия (2019 ж.) бойынша БҰҰ БЖКБ ұсынған материал, 2019 ж., https://www.refworld.org/policy/upr/unhcr/2019/123082 (қаралған күні: 12 маусым 2026 ж.).*
Қазақстандағы босқындар: ұлттық заңнама мен тәжірибеге талдау – [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://www.unhcr.org/cen-tral-asia/media/unhcr-kazakhstan-refugees-rus-2021-pdf (қаралған күні: 11.05.2026).

ляциялардың өте төмен деңгейімен дәлелденеді.

Халықаралық ұйымдар Қазақстан Республикасында босқындарды қорғаудың халықаралық стандарттарын іске асыру мониторингін тұрақты жүзеге асырады және тиісті талдамалық материалдар мен ұсынымдар-ды жариялайды. Бұл үдерісте Біріккен Ұлт-тар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссары (БҰҰ БЖКБ) ұлттық баспана жүйесін жетілдіру мәселелерінде мемлекеттік органдарға консультативтік және техникалық қолдау көрсетеді. БҰҰ БЖКБ өзінің бағдарламалық құжаттарында және талдамалық шолуларында босқындарды қорғау саласындағы Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне толық сәйкестік-ті қамтамасыз ету мақсатында заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін одан әрі дамыту қажеттігіне назар аударады.

Қазіргі баспана беру жүйесін талдау барысында босқындардың құқықтарын жү-зеге асырудың тиімділігіне әсер ететін бірқатар институционалдық және ұйымдастырушылық-құқықтық факторлар анықталды. Осы саладағы өкілеттіктер бірнеше мемлекеттік органдар арасында бөлінген, соның ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің миграция қызметі және жергілікті атқарушы органдар. Мұндай модель пана беру туралы өтініштерді қарау кезінде де, босқындарға әлеуметтік қолдау шараларын қамтамасыз ету кезінде де ведомствоаралық тиімді үйлестіруді талап етеді.

Ғылыми дереккөздерде Орталық Азия елдерінің босқындарды қорғау саласындағы ұлттық жүйелерін жетілдіру барысындағы аймақтық ынтымақтастық механизмдерінің маңызы ерекше атап өтіледі. Мысалы, БҰҰ БЖКБ сарапшысы, босқындарды халықаралық қорғау мәселелерін зерттеуші Синтия Орчард Алматы процесін мемлекетаралық ынтымақтастықты күшейтуге, ұлттық институттардың мүмкіндіктерін арттыруға және босқындарды халықаралық қорғау стандарттарын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін маңызды консультативтік алаң ретінде бағалайды. Оның пікірінше, аталған міндеттерді орындау тұрақты саяси диалог, тәжірибе алмасу және халықаралық ұйымдардың техникалық көмегі арқылы іске асады [8, 55 б.].

Сонымен қатар, талдау нәтижелері Қазақстанда босқындарға берілетін құқықтар мен кепілдіктердің толық деңгейде іске асырылуына әсер ететін бірқатар жүйелі проблемалардың сақталып отырғанын көрсетеді. Қолданыстағы мәселелердің қатарына кадрлық және сараптамалық ресурстардың шектеулілігі, соның ішінде білікті аудармашылармен және өтініш берушілердің шыққан елдері туралы ақпаратты талдау жөніндегі мамандармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі жатады. Босқындарды құжаттандыру, әлеуметтік бейімдеу және интеграциялау, сондай-ақ заңнамада көзделген әлеуметтік және әкімшілік қызметтерге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселелері ерек-ше назар аударуды талап етеді. Қазіргі за-манғы зерттеулерде атап өтілгендей, ұзақ құқықтық белгісіздік, базалық құқықтарға қолжетімділікті шектеу және әкімшілік рәсімдерді созу баспана іздеушілердің психикалық әл-ауқатына теріс әсер етеді, бұл босқындарды қорғаудың ұлттық тетіктерін жетілдіруге кешенді тәсілді талап етеді [9].

Көрсетілген жағдайлар босқындар тура-лы заңнаманы іске асырудың институционалдық тетіктерін одан әрі жетілдіру, ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту және босқындарды қорғаудың халықаралық стандарттарына сәйкес құқық қолдану практикасының тиімділігін арттыру қажеттілігін куәландырады.

Қорытынды

Зерттеу Қазақстан Республикасының 1951 жылғы Босқындар туралы Конвенция бойынша негізгі халықаралық міндеттемелерін жалпы алғанда орындағанын көрсетті. Дегенмен, құқық қорғау саласындағы тәжірибені зерттеу халықаралық нормаларға негізделген құқықтық базаның оларды іс жүзінде қолданумен арасындағы елеулі үзілісті көрсетеді.

Босқындарды қорғау саласында қалыптасқан нормативтік-құқықтық базаға қарамастан, әкімшілік рәсімдер мен заңнаманы одан әрі жетілдіру босқын мәртебесін із-деуші тұлғаларды қорғау тиімділігін артты-рудың маңызды шарты болып қала береді. Осыған байланысты құқық қолдану тәжіри-бесінде мәселелерге мемлекеттік органдар-дың, ғылыми қауымдастықтың және аза-маттық қоғам институттарының қатаң назар аударуы қажет. Сондай-ақ жаңа сын-қатер-лерді уақытылы анықтау және оларды шешу жолдарын әзірлеу мақсатында ұлттық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен мониторинг пен ғылыми зерттеулерді жалғастыру маңызды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының босқындарды қорғау саласын-дағы заңнамасын одан әрі жетілдіру оларда ресми танылған босқын мәртебесінің бо-

луына қарамастан, халықаралық қорғауға мұқтаж барлық адамдарға қолданылатын дербес құқықтық кепілдік ретінде қайтармау (non-refoulement) қағидатын неғұрлым дәйекті бекітумен байланысты болуы тиіс екенін көрсетеді. Халықаралық құқықта бұл қағидат БҰҰ БЖКБ тарапынан босқындар мен баспана іздеушілерді қорғаудың бүкіл жүйесінің негізі ретінде қарастырылады, себебі ол адамның өміріне, бостандығына немесе негізгі құқықтарына қудалау, азаптау, адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас немесе басқа да ауыр зиян келтіру қаупі төнген мемлекетке қайтарылмауын қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманғы көші-қон процестері тұрғысынан қайтармау қағидаты босқын мәртебесінің классикалық дәстүрлі түсінігінен тысқары шығып, халықаралық қорғауға мұқтаж адамдардың кең ауқымын қамтиды. Сондықтан оның ұлттық заңнамада нақты бекітілуі маңызды. Бұл баспана сұрау ісі аяқталғанға дейін және өтініш беруші үшін ықтимал қауіптер бағаланғанға дейін қуып жіберуге, экстрадициялауға, депортациялауға және мәжбүрлеп қайтарудың басқа да түрлеріне тыйым салуды көздейді. Мұн-дай шаралар қолданыстағы құқықтық белгісіздіктерді жоюға, адам құқықтарының кепілдіктерін нығайтуға ықпал етеді. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының 1951 жылғы Босқындар туралы конвенциясын, Азаптауға қарсы конвенциясын және басқа да әмбебап халықаралық шарттар бойынша халықаралық міндеттемелерін толық орындауына мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау Қазақстандағы босқындарды қорғаудың қолданыстағы жүйесі 1951 жылғы Конвенция шеңберімен шектелетінін, соның салдарынан өзге негіздер бойынша халықаралық қорғауға мұқтаж адамдар іс жүзінде оның қолданылу аясынан тыс қалатынын анықталды.

Босқындарды қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қосымша (гуманитарлық) қорғау институтын көздеу орынды болып табылады. Оның күші қарулы қақтығыстар, жаппай зорлық-зомбылық, гуманитарлық дағдарыстар немесе дүлей зілзалалар салдарынан шыққан елінен кеткен адамдарға қолданылуы мүмкін. Осы тетікті енгізу құқықтық реттеудегі олқылықты жоюға және 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияда көзделген критерийлерге сәйкес келмегенімен, халықаралық қорғауды қажет ететін әрі шыққан еліне қауіпсіз орала алмайтын адамдардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының қатысуымен мамандандырылған білім беру іс-шарала-рын өткізу арқылы баспана беру туралы өтініштерді қарауға қатысатын судьялар мен лауазымды тұлғаларды даярлауды күшейту қажет. Әрбір өтініш берушінің жеке мәнжайларын бағалауға, шыққан еліне оралған жағдайда ол ұшырауы мүмкін тәуе-келдерді талдауға, сондай-ақ адам құқықта-рын қорғаудың халықаралық стандарттарын қолдануға ерекше назар аударылуы тиіс.

Құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру-дің маңызды бағыты пана беру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың шешімдеріне соттық бақылауды күшейту болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотынан пана беру туралы өтініштерді жан-жақты әрі объективті қарауды қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік түсіндірмелер әзірлеуі орынды. Мұндай түсіндірмелер қайтармау принципінің сақталуын және іс жағдайла-рын бағалауда формальды көзқарастың жарамсыздығын бекітеді. Баспана беруден бас тарту туралы шешімдер жан-жақты негіздемеге сүйенуі тиіс. Бұл талап сот қорғауының конституциялық кепілдіктеріне және әділ әкімшілік іс жүргізу қағидаттарына сәйкес келеді.

Жүргізілген зерттеу босқындарды қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін одан әрі жетілдіру мемлекеттің функцияларын түсінудің қазір-гі заманғы тәсілдерін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс екенін көрсетеді. Жаһандану жағдайында босқындарды қорғау жөнінде-гі халықаралық міндеттемелерді орындау мемлекеттің халықаралық-құқықтық тетіктерге қатысуының салдары ғана емес, сонымен қатар оның адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін құқық қорғау функциясын іске асыру бағыттарының бірі болып табылады [10, 34 б.].

Қорытындылай келе, ұлттық баспана жүйесін одан әрі жетілдіру халықаралық тәжірибеге және халықаралық сот және квази-сот органдарының қалыптасқан тәжірибесіне сілтеме жасамау мүмкін емес екенді-гін атап өткен жөн. Қазақстан Республикасы Еуропа Кеңесінің мүшесі болмаса да, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың юрисдикциясына кірмесе де, осы Соттың елден шығару, экстрадициялау және баспа-на беру істерінде әзірлеген құқықтық тәсіл-дері ұлттық құқық қорғау органдары үшін үлкен қызығушылық тудырады. Ең алдымен,

бұл азаптауға, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекетке, сондай-ақ адам құқықтарының өзге де ауыр бұзылуына ұшырау қаупі болған кезде адамды қайтаруға жол берілмейді деген қағидаға қатысты. Бұл тәсілдің мәні босқын мәртебесін ресми белгілеу шеңберінен шығып, заңнаманы және оны Қазақстан Республикасында қолдану практикасын одан әрі дамыту кезінде ескерген орынды адамды қорғаудың неғұрлым кең халықаралық-құқықтық стандартын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жампеисов Даурен, Жампеисов Думан. Халықтың көші-қоны саласындағы заңнама мен құқық қолдануды жетілдірудің өзекті мәселелері // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының бюллетені. – 2022. – № 3 (70). – Б. 138–147.

2. Бердиярова Ж. С., Касымжанова А. А., Саймова Ш. А., Ибраева А. С., Есетова С. К. Институт беженцев в казахстанском праве: сравнительно-правовой анализ // Вестник Казахского национального университета имени аль-Фараби. Серия юридическая. – 2026. – № 1 (117). – С. 72–81. – DOI: 10.26577/JAPJ117120265.

3. Omarova A. B., Apakhayev N., Koishybaiuly K., Tleuov T., Buribayev Y. A., Khamzina Zh. A. Status of Refugees in Accordance with the International Law and Legislation of Kazakhstan // Journal of Advanced Research in Law and Economics. 2017-. Vol. 8, No. 3 (25). - P. 971-979. DOI:10.14505/jarle.v8.3(25).34.

4. Barlykbayeva M., Park S.-H. A Study on the Principle of Non-Refoulement: Challenges in Kazakhstan's Refugee Law and Compliance with International Standards //Maritime Law Review. - 2024. - Vol. 36, - No. 3. – P. 179–218. DOI: 10.14443/kimlaw.2024.36.3.7.

5. Временная защита [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://emergency.unhcr.org/ru/protection/правовые-рамки/временная-защита (жүгінген күні: 16.05.2026).

6. Practical Guide on Qualification for International Protection: Subsidiary Protection [Электрондық ресурс] / European Union Agency for Asylum. – Mode of access: https://www.euaa.europa.eu/easo-practical-guide-qualification-international-protection/subsidiary-protection (жүгінген күні: 16.05.2026).

7. Шаяхметова А. Сбежавший от мобилизации россиянин больше года не может добиться статуса беженца в Казахстане [Электрондық ресурс] // Бюро по правам человека. – Қолжетімділік режимі: https://bureau.kz/novosti/sbezhavshij-ot-mobilizaczii-rossiyanin/ (жүгінген күні: 28.05.2026).; Муратов Р. Суды отказали активистам Мовлаеву и Емельяновой в жалобах на отказ в убежище [Электрон-дық ресурс] // Бюро по правам человека. – Қолжетімділік режимі: https://bureau.kz/goryachee/sudy-otkazali-aktivistam/ (жүгінген күні: 28.05.2026); Чемодан – вокзал – Донбасс! Убежище [Электрондық ресурс] / Актюбинский филиал Казахстанского международного бюро по правам человека и со-блюдению законности. – Қолжетімділік режимі: https://bureau.kz/novosti/chemodan-vokzal-donbass/ (жүгінген күні: 28.05.2026).

8. Orchard C. The Almaty Process: Increasing Compliance with International Refugee Law in Central Asia // International Journal of Refugee Law. – 2016. – Vol. 28, Iss. 1. – P. 55–84. DOI: 10.1093/ijrl/eev060. https://doi.org/10.1093/ijrl/eev060

9. Amouri I. E., Sabchev T. What Has Been the Impact of Western Governments' Laws and Policies on the Mental Health of Asylum Seekers and Refugees? A Systematic-Narrative Hybrid Literature Review// Journal of Migration and Health. – 2026. – Vol. 13. – Art. 100298. – URL: https://www.sciencedirect.com/ journal/journal-of-migration-and-health (жүгінген күні: 30.05.2026).

10. Каратаева А. М. Қазіргі кезеңде мемлекеттің функциялары: өзекті теориялық мәселелері // «Сот төрелігі академиясының хабаршысы». – 2024. – № 2 (6). – С. 27–36. – DOI: 10.63546/3005-2246.2024.6.2.003.

REFERENCES:

1. Zhampeisov Dauren, Zhampeisov Duman. Halyқtyn kөshi-қony salasyndaғy zaңnama men құқyқ қoldanudy zhetildirudiң өzekti mәseleleri // Қazaқstan Respublikasy Zaңnama zhәne құқyқtyқ aқparat institutynyң bjulleteni. – 2022. – № 3 (70). – B. 138–147. [In Kazakh]

2. Berdijarova Zh. S., Kasymzhanova A. A., Sajmova Sh. A., Ibraeva A. S., Esetova S. K. Institut bezhencev v kazahstanskom prave: sravnitel'no-pravovoj analiz // Vestnik Kazahskogo nacional'nogo universiteta imeni

al'-Farabi. Serija juridicheskaja. – 2026. – № 1(117). – S. 72–81. – DOI: 10.26577/JAPJ117120265. [In Russian]

3. Omarova A. B., Apakhayev N., Koishybaiuly K., Tleuov T., Buribayev Y. A., Khamzina Zh. A. Status of Refugees in Accordance with the International Law and Legislation of Kazakhstan // Journal of Advanced Research in Law and Economics. - 2017. - Vol. 8. - No. 3 (25). (2017).- P. 971–979. DOI: 10.14505/jarle.v8.3(25).34.

4. Barlykbayeva M., Park S.-H. A Study on the Principle of Non-Refoulement: Challenges in Kazakhstan's Refugee Law and Compliance with International Standards // Maritime Law Review. - Vol. 36 (2024) - No. 3. - P. 179–218. DOI: 10.14443/kimlaw.2024.36.3.7.

5. Vremennaja zashhita [Jelektrondyқ resurs]. – Қolzhetimdilik rezhimi: https://emergency.unhcr.org/ru/protection/pravovye-ramki/vremennaja-zashhita (zhygingen kүni: 16.05.2026). [In Russian]

6. Practical Guide on Qualification for International Protection: Subsidiary Protection [Electronic resource] / European Union Agency for Asylum. – Mode of access: https://www.euaa.europa.eu/easo-practical-guide-qualification-international-protection/subsidiary-protection (date of access: 16.05.2026).

7. Shajahmetova A. Sbezhavshij ot mobilizacii rossijanin bol'she goda ne mozhet dobit'sja statusa bezhenca v Kazahstane [Jelektrondyқ resurs] // Bjuro po pravam cheloveka. – Қolzhetimdilik rezhimi: https://bureau.kz/novosti/sbezhavshij-ot-mobilizaczii-rossiyanin/ (zhygingen kүni: 28.05.2026).; Muratov R. Sudy otkazali aktivistam Movlaevu i Emel'janovoj v zhalobah na otkaz v ubezhishhe [Jelektrondyқ resurs] // Bjuro po pravam cheloveka. – Қolzhetimdilik rezhimi: https://bureau.kz/goryachee/sudy-otkazali-aktivistam/ (zhygingen kүni: 28.05.2026); Chemodan – vokzal – Donbass! Ubezhishhe [Jelektrondyқ resurs] / Aktjubinskij filial Kazahstanskogo mezhdunarodnogo bjuro po pravam cheloveka i sobljudeniju zakonnosti. – Қolzhetimdilik rezhimi: https://bureau.kz/novosti/chemodan-vokzal-donbass/ (zhygingen kүni: 28.05.2026). [In Russian]

8. Orchard C. The Almaty Process: Increasing Compliance with International Refugee Law in Central Asia // International Journal of Refugee Law. – Vol. 28, Iss. 1.(2016). – P. 55–84. DOI: 10.1093/ijrl/eev060.

9. Amouri I. E., Sabchev T. What Has Been the Impact of Western Governments' Laws and Policies on the Mental Health of Asylum Seekers and Refugees? A Systematic-Narrative Hybrid Literature Review // Journal of Migration and Health. – 2026. – Vol. 13. – Art. 100298. – URL: https://www.sciencedirect.com/ journal/journal-of-migration-and-health (date of access: 30.05.2026).

10. Karataeva A. M. Қazirgi kezeңde memlekettің funkcijalary: өzekti teorijalyқ məseleleri // «Sot tөreligi akademijasynyң habarshysy». – 2024. – № 2(6). – S. 27–36. – DOI: 10.63546/3005-2246.2024.6.2.003. [In Kazakh]